

**К.Байсейітова атындағы тірек мектебінің
«Қамқоршылық кеңесінің» отырысының
№ 2 хаттамасы**

Ақтоғай селосы

26-қазан 2022 жыл

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңес төрайымы – Елеусізова Г.М.;

ДТЖО –Айтбаева Н.Ж.

Д.Стамбеков атындағы бастауыш мектеп директоры Таукеева Қ. Г.

Қарағой бастауыш мектебінің директоры Хасенова Г.Б.

комиссия мүшелері, әлеуметтік педагог.

Күн тәртібінде:

Әлеуметтік педагогтың «Мектепке жол» акциясы аясында атқарылған

жұмыстар туралы ақпарат

2022 -2023 оқу жылындағы аз қамтылған отбасы оқушыларына тегін ыстық тамақтың берілу жайы

Тыңалды: Азимбаева Г.Қ.-әлеуметтік педагог- К. Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ –де 01.07.2022 бастап «Мектепке жол» дәстүрлі республикалық акциясы өтуде.

Акция мақсаты – әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету, оқумен қамтылмаған мектеп жанындағы балаларды анықтау және есепке алу, сондай – ақ әлеуметтік себептер (киімдерінің, аяқ киімдерінің, мектеп құралдарының жоқтығы) бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу. Мектеп дәлізінде «Мектепке жол» акциясын насихаттау барысында стенді жасалып, мектеп жанынан құрылған комиссия мүшелері кәсіпкерлерден, бірнеше мекеме басшыларына оқу құралдарын және спорт киім, спорттық аяқ киімнен көмек жасауын өтініп сұраныстар жіберілді. Facebook желісінде насихат жұмыстары жүргізіліп отыр. Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жас кәсіпкерлер және аудан әкімінің грант иегерлері мен ауыл азаматтарының демеушілігімен 1 оқушыға мектеп сөмкесі оқу құралдарымен 15000 теңге, жалпы 5 оқушыға 75 000 теңге көлемінде көмек жасалды.

«Ақтоғай Су» - мекемесінің демеушілігімен 1 оқушыға мектеп сөмкесі оқу құралдарымен 17 000 теңге, жалпы 2 оқушыға 34 000 теңге көлемінде берілді. Ауыл әкімі аппараты демеушілігімен 1 оқушыға мектеп сөмкесі оқу құралдарымен 10 000 теңге, жалпы 2 оқушыға және 1 оқушыға спорт киімі 10 000 теңгеге 30 000 теңге көлемінде берілді. 89 жылы туылған 2006 жылғы түлектер демеушілігімен 1 оқушыға мектеп сөмкесі оқу құралдарымен

15 000 теңге, жалпы 2 оқушыға 30 000 теңге көлемінде берілді.«Аманат» ұлттық қоры демеушілігімен 1 оқушыға мектеп сөмкесі оқу құралдарымен 10 000 теңге, жалпы 3 оқушыға 30 000 теңге көлемінде берілді.Жалпы «Мектепке жол» акциясы бойынша 15 оқушыға 199 000 теңгеге көмек жасалды. Акция бойынша барлық жұмыстар жоспар бойынша атқарылуда.

1. Қарағой бастауыш мектебінің директоры міндетін атқарушы – Хасенова Г.Б. – «Мектепке жол» акциясы аясында Жарылғапбергенұлы Дәулет мырза 40000 теңге көлемінде ақшалай көмек көрсетті.Бұл ақшаға 4 -оқушыға оқу құралдары сатып алынды.

1. Д.Стамбеков атындағы бастауыш мектеп директоры Таукеева Курмет Галымзадаевна : 2022-2023 оқу жылында «Д. Стамбеков атындағы бастауыш мектебі» КММ-нде «Мектепке жол» акциясы бойынша оқушыларға демеушілерден көмек көрсетіліп жатыр. Бір мұғалім 1 оқушыға 3500теңгеге оқу құралдар алып берді. Көпбалалы отбасынан шыққан 3 оқушыға оқу құралдарына 9000 теңге көмек көрсетілді, демеушілік корсеткен мектеп күзетшісі. Бір мұғалім бір оқушыға 8500теңгеге аяқ - киіммен оқу құралдар әперсе, бір мұғалім 6300теңгеге оқу құралдар мен киім - кешек әперіп демеушілік жасады. Ақшатау тұрғыны Омаров Карібай бір оқушыға спорт киім мен кроссовки және бір оқушыға туфли 20мың теңгеге алып берді «Мектепке жол» акциясы әлі жалғасын табуда. Көрсетілген көмек тамыздың аяғында табысталды. Барлық демеушілік жасаған қаражат суммасы 47300 теңге

2.Айтбаева Н.Ж. К. Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ бойынша 2022 -2023 жаңа оқу жылына жалпы оқушылардың саны анықталды. Қыркүйек айында мектеп бойынша оқушылардың тізімі алынып, әр сынып бойынша әлеуметтік құжаттары (паспорт) толтырылды. Мектеп бойынша толық және толық емес, аз қамтылған, қамқоршылықтағы балалар саны анықталып тізімі құрылды. Әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылар тізімі құрылды.

Бүгінгі таңда 1 – 4 сынып толық 142 бала тамақтанады 5 – 11 сыныптар аралығында аз қамтылған отбасы оқушыларының ата – ана өтініш жазып 23- оқушы бір реттік ыстық тамақпен қамтылып отыр. Мектеп бойынша ыстық тамақ 02 – қыркүйек айынан бастап берілді. Жалпы 165 оқушы мектеп асханасынан тамақтанады. 1 – ауысымда 80 бала, 2 – ауысымда - 85 бала тамақтанады. Екі апталық ас мәзірі бекітілген. Күндік ас мәзірі бекітіліп ілініп отырады. Мектеп әкімшілігі тарапынан және мұғалімдерден кезекшілік құрылып, бекітілген. Кезекшілік журналы жасалып нөмірленіп шнурланған. Мектеп асханасынан тамақтанатын оқушы санына сәйкес үстел,

орындықтармен толық жабдықталған. I – ауысымда 50 оқушы тамақтануға жағдай жасалған. Мектеп есебіндегі ас сынамасын және дайын тағамды сақтауға арналған тоңазытқыш ескі, істен шыққан. Ас ішетін ыдыстар жоқ. Қазіргі уақытта асхананы жалға алған арендатор өз тоңазытқышы мен ыдысын пайдаланып отыр.

2. Қарағой бастауыш мектебінің директоры міндетін атқарушы – Хасенова Г.Б. – Мектеп оқушылары буфеттік түрде тамақтанады. 0-4 сынып оқушылар, барлығы 7 бала тамақтанады.

2. Д.Стамбеков атындағы бастауыш мектеп директоры - Таукеева Курмет Галымзадаевна : Мектепте 8 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр.

Шешімі:

1.«Мектепке жол» акциясы бойынша жүргізілген жұмыстар есепке алынсын.

2.2022 -2023 оқу жылындағы аз қамтылған отбасы оқушыларына тегін ыстық тамақтың берілу жайы жөніндегі ақпарат есепке алынсын, тамақтың берілу барысын қадағалау Қарағой және Д.Стамбеков мектеп директорларына және әлеуметтік педагог Азимбаева Г.Қ. жүктелсін.

1. Елеусізова Г. Қамқоршылық кеңес төрайымы Г.Елеусізова
2. Бөріғұл Ж. –комиссия мүшесі /КТІЖ инспекторы/ Б.Бөріғұл
3. Кәрімхан Қ- комиссия мүшесі /Жұмыспен қамту орталығы/ К.Кәрімхан
4. Кулатаева Ж- комиссия мүшесі/ата-ана/ Ж.Кулатаева
5. Сыздықов Т.-комиссия мүшесі/зейнеткер/ Т.Сыздықов
6. Мұбарак С.-комиссия мүшесі /ата-ана/ С.Мұбарак
7. Абилкасимов К.-комиссия мүшесі /зейнеткер/ К.Абилкасимов
8. .Отыншин Е. -комиссия мүшесі /ТОО «Берер» Е.Отыншин
9. Абдикаримова Г-комиссия мүшесі /ата-ана/ Г.Абдикаримова
- 10.Кейкибаева Н.-комиссия мүшесі/ата-ана/ Н.Кейкибаева
11. Кишкентаева Ж.-комиссия мүшесі/ата-ана/ Ж.Кишкентаева

Хатшысы



Нукешева Ж.